



«Астанаэнергосбыт» ЖШС
«Байланыс орталығының телефоны бойынша жылу энергиясын есепке алу құралдарының көрсеткіштерін қабылдауға», «Анықтамалық қызметке», «Шот-фактуралардың телнұсқаларын және шот-фактураларға қосымшаларды беруге», «Жылу және электр энергиясына тарифтің өзгеруіне» көрсетілетін қызметтердің паспорттары

2024 жылғы 27. 03 № 17-50 бұйрыққа
I-қосымша

Байланыс орталығының телефоны бойынша жеке тұлғалардың ыстық сумен жабдықтауды есепке алу құралдарының көрсеткіштерін қабылдауға «Астанаэнергосбыт» ЖШС-ның ҚЫЗМЕТ (ПРОЦЕСС) ПАСПОРТЫ

Тұтынушы: жеке тұлғалар

Қызмет (процесс) құнын анықтау тәртiбi: төлем алынбайды

Қызмет көрсету (процесс) шарттары: көп пәтерлі тұрғын үй қорындағы және жеке сектордағы ыстық сумен жабдықтауды есепке алу құралдарының көрсеткіштерін қабылдау;

Қызмет көрсету (процесс) нәтижелері: көп пәтерлі тұрғын үй қорындағы және жеке сектордағы ыстық сумен жабдықтаудың тұтыну көлемін қалыптастыру үшін есепке алу құралының көрсеткіштерін қабылдау;

Қызмет көрсетудің (процестің) жалпы мерзімі: жылу энергиясымен жабдықтау бойынша қызметтерді көрсетуге арналған шартқа сәйкес.

Қызмет көрсетудің (процестің) құрамы, реттілігі және мерзімі:

| Р/с № | Кезең | Кезеңнің мазмұны/ шарты | Ұсыну нысаны | Орындау мерзімі | Нормативтік құқықтық құжатқа сілтеме |
|-------|--|---|---|--|---|
| 1 | Энергиямен жабдықтаушы ұйымның көрсеткіштерін қабылдау | Жылу энергиясымен жабдықтау бойынша қызметтерді көрсетуге арналған шарттың болуы. | Көрсеткіштерді қабылдау мыналар арқылы жүзеге асырылады: - телефон байланысының көмегімен жеке; - дауыстық хабарлама арқылы жеке; - сайт арқылы жеке; - электрондық пошта арқылы жеке; - WhatsApp чат-бот, Telegram чат-бот арқылы жеке. | Ай сайын 18-інен бастап 30-ына (31-іне) дейін, сағ. 9.00-ден бастап сағ. 18.00-ге дейін үзіліссіз және демалыссыз Ай сайын 18-інен бастап 30-ына (31-іне) дейін, сағ. 9.00-ден бастап сағ. 20.00-ге дейін үзіліссіз және демалыссыз | 1) тұрмыстық тұтынушыларға жылу энергиясымен жабдықтау бойынша қызметтерді көрсетуге арналған шарттар |

Өтініштерді жіберу үшін байланыс апараты: өтініштер «Астанаэнергосбыт» ЖШС-ның сервис орталықтарына жіберіледі. СО мекенжайлары мен байланыс телефондары мына сайтта орналастырылған: «www. astanaenergosbyt.kz».